

## Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушы аз қамтамасыз етілген отбасыларына көрсетілетін әлеуметтік көмек туралы

### ***Күшін жойған***

Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 29 мамырдағы № 467 қаулысы. Алматы облысының Қапшағай қаласының әділет басқармасында 2009 жылғы 10 маусымда № 2-2-84 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі N 256 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 15.04.2014 N 256 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабындағы, 1 тармақтың 14 тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушы аз қамтамасыз етілген отбасыларына жеке қосалқы шаруашылыққа, халықтық қол өнерді дамытуға, жеке меншік іс ашуға, оның ішінде кәсіби дайындықтан өткендерге (бұдан әрі әлеуметтік көмек) 150 000 теңгеден 200 000 (жұз елу мың теңгеден екі жұз мың) теңге мөлшеріне дейін біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілу қамтамасыз етілсін.

2. «Қапшағай қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қалалық және селолық округтердің участекелік комиссияларына алынатын қаржыны қай мақсатқа пайдаланатының, қызметінің түрлері, сондай- ақ есеп шотының нөмірі көрсетілген (екінші деңгейдегі банк филиалы және осы операциялардың түрлерін жүзеге асыратын рұқсаты бар басқа да мекемелер) өтінішінің негізінде және келесі құжаттармен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушының түрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмектің тағайындалуын және төлеуін қамтамасыз етсін:

1)халықтық қол өнерді дамытуға, жеке меншік іс ашу үшін негізделген есеп (бизнес - жоспар). Кәсіби дайындықтан өткен жұмыссыздарға мамандық беру туралы куәліктің көшірмесі және үлгерім деңгейі мен бизнес- жоспардың табыстырылған бағасы көрсетілген оку орнының ұсынысы;

2)«Қапшағай қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, әлеуметтік көмек алушы және участекелік комиссияның төрағасының арасындағы үш жақты келісім.

3)«Қапшағай қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қалалық бюджетте көзделген қаржыландыру жоспарының міндеттемесіне және төлемнің қаржы шегіне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушы аз қамтамасыз

етілген отбасыларына көрсетілетін әлеуметтік көмекті қаржыландыру  
мәселелерін қамтамасыз етсін.

4) Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары I.C.  
Сұгіровке жүктелсін.

5) Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

*H. Таубаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК